

Кімге: Атырау облысы әкімдігі

Кімнен: Еркінөв Жанғазы Берікұлы, Жылыой ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімі

Уақыты: 10.09.2024 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Жылыой ауданын көгалдандыру арқылы экологияға әсер ету


Көгалдандыру – белгілі бір аймақты жасыл желек отырғызу арқылы абаттандыру процесі. Ол қоршаған ортаны жақсарту, ауаны тазартып, экологиялық жағдайын жақсартуға үлкен үлес қосады.

1. Аудан тұрғындарының денсаулығы: аудан аумағы экологиясының қолайлы болмауы себепті тұрғындар арасында аурушаңдық белең алып тұр. (онкологиялық аурулар, жүрек талмасы, өлі туу т.с.с).

2. Аудан климаты: қуаң, сор, құмды континенттік, қысы суық, жазы ыстық. Ауаның орташа температурасы қаңтарда $-8,8^{\circ}\text{C}$, шілдеде $25,8^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 140 – 150 мм аралығында.

3. Қолайсыз экологияның экономикаға әсері: мүгедектер саны артып, жұмысқа қабілеттілер санының азаюы; кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығын жүргізуге қолайсыз.


Жылыой ауданы бойынша 2021 – 2023 жылдардағы бала жастан мүгедектердің тіркелу саны



№	Жылдар	Тіркелген балалар саны
1	2020	11
2	2021	14
3	2022	16
4	2023	15

Ауданымызда мұнай-газ өндірісінің көп болуы экологияның нашарлауына әсерін тигізуде. Соның салдарынан адамдарда жүрек, қан қысымы аурулары, қатерлі ісік, балалардың өлі туылуы, кемтар туылуы күннен күнге артуда. Сонымен қатар, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне кедергі келтіруде. Көгалдандыру арқылы микроклиматты өзгертіп, экологияға оң әсерін тигізуге болады.

Жылыой ауданы бойынша 2020 – 2023 жылдардағы егілген және жерсінген жасыл желектердің көрсеткіші



№	Жылдар	Егілген талдар саны	Жерсінген талдар саны
1	2020	2000	400
2	2021	2000	600
3	2022	5000	3600
4	2023	3000	1800

Қазіргі уақытта, көгалдандыру жұмыстары жүргізілгенімен тиімділігі аз. Оның себептері:

- Дендрологиялық зерттеудің жүргізілмеуі;
- Сор, шөлейтті жерлердің өңделмеуі
- Көгалдандыру және күтіп ұстауға мердігер мекемелердің жыл сайын мемлекеттік сатып алу порталы арқылы анықталуы;
- Мамандандырылған мекемелердің құрылмауы.

Көгалдандыру арқылы экологияға және климатқа әсер ету бойынша халықаралық тәжірибелер:

1. Қытай Халық Республикасы

Му Ус шөлі құмды дауылдармен желдің кесірінен өмір сүруге қолайсыз, ауыл шаруашылығын жүргізуге тиімсіз болған аймақ. Құмды дауылдар кесірінен тұрғындар көптеп зардап шеккен, адам өліміне алып келген жағдайларда орын алған. 1959 жылдан бастап көгалдандырудың арқасында Му Ус шөлі толықтай жасыл аймаққа айналды. Егін шаруашылығымен экономикасын жақсартып, халық саны артуда.

Жылыой ауданы бойынша 2020 – 2023 жылдар аралығында 10 000 түп тал егілді. Жерсінгені 62%. Көгалдандыруды жүйелеп, мамандарды тарту арқылы жылына 15 000 түп жасыл желек егіп 90% жерсінуге жұмыстану. Көгалдандыру арқылы аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға және табиғатты қорғауға бағытталған маңызды іс-шара. Жасыл желектің көбеюі микроклиматқа әсер етіп, жазғы мезгілде аптап ыстықтың болдырмауы, көмірқышқыл газды жұтып оттегіні көптеп бөлінуіне әкеледі. Топырақ жабындысының өзгеріп ауыл шаруашылығының дамуына үлесін қосады.

Мәселені шешу жолдары:

1. Көгалдандырудың пайдасы бойынша жалпыұлттық сана қалыптастыру, ақпараттандыру;
2. Көгалдандыру, күтіп ұстау бойынша мемлекеттік сатып алу жүйесіне өзгерістер енгізу;
3. Дендрологиялық зерттеу жүргізу;
4. Білікті мамандарды тарту;

5. Мемлекеттік жекешелік әріптестік бағдарламасы арқылы мамандандырылған мекемелерді тарту;
6. Жұмыстың барысын қадағалау.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <https://www.techinsider.ru/science/580344-kitayskaya-pustynya-prevratilas-v-oazis-posle-70-let-ozeleneniya/> Қытай Халық Республикасының тәжірибесі;
2. <https://kk.wikipedia.org/w/index.php?title=%D0%94%D0%B5%D0%BD%D0%B4%D1%80%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F&action=history> Дендрология анықтамасы;
3. <https://stat.gov.kz/> статистикалық көрсеткіштер.